

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының аумағында төлем құжаттарын пайдалану және ақшаның қолма-қол жасалмайтын төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 179 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2002 жылғы 18 қаңтардағы N 20. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 27 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1779. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 30 қаулысымен

Ескеरту. Құші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.01.2016 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол жасалмайтын ақша төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыруды реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының аумағында төлем құжаттарын пайдалану және ақшаның қолма-қол жасалмайтын төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 179 V001155_ қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған қауыммен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында төлем күжаттарын пайдалану және ақшаның қолма-қол жасалмайтын төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыру ережесіндегі:

2-тармақтың екінші азатжолындағы "(төлем құжаттарын және оларды қайтарып алу немесе тоқтата түру туралы өкімдерді ресімдеуден басқа)" деген сөздер "(төлем құжаттарын қайтарып алу немесе орындауды тоқтата түру туралы өкімдерді ресімдеуден басқа)" деген сөздермен ауыстырылсын;

22 - т а р м а қ т ағ ы :

"СТН" деген сөз алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы азатжолмен толықтырылсын:

"Банк төлем құжаттарын өндөу кезінде СТН-ның тіркеу номерінің құрылымына сәйкес көрсетілуінің дұрыстығын бақылауға міндетті" 29-тармақ мына да ый редакцияда жазылсын:

"29. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге ұлттық валютамен, сол сияқты шетел валютасымен төлем жасау және/немесе ақша аударымын жүзеге асыру кезінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының валюталық заңдарының Z960054 – талаптарын сақтай отырып Қазақстан Республикасы аумағында шетел валютасымен төлем жасағанда және/немесе ақша аударымын жүзеге асырған кезде ақша жіберушінің қызмет көрсетуші алушы банкке ақша аудару туралы төлем тапсырмасы болып табылатын, белгіленген нысандағы (N 2 қосымша) бланкілерге толтырылған ақша аударуға өтініші пайдаланылады.

Банк ақша аударуға берілетін өтініште осы Ереженің N 2 қосымшасындағы нысанда көрсетілген деректемелерден басқа осы өтінішті өндөу үшін оған қажет болатын ақша жіберуші туралы қосымша мәліметтерді қосуға құқылы. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда банк ақша жіберуші туралы басқа да мәліметтерді толтыруды талап етеді.";

82-тармақтың 2) тармақшасының үшінші және төртінші сөйлемдері мынадай редакцияда жазылсын :

"Егер бенефициар алушы банкпен шарт жасамаған болса, онда соңғысы бенефициардың банкіне бенефициардың қате аударған ақша сомасын қайтару туралы сұрату-хат жіберуге құқылы. Бенефициардың банкі сұрату-хаттың негізінде бенефициарға қате аударылған ақша сомасын қайтару қажеттігі туралы хабарлайды. Сонымен қатар бенефициар "төлем белгілеуінде" ақшаны қайтару себебін көрсете отырып төлем тапсырмасын жасау арқылы ақшаны қайтарады.

Бенефициардың банкі мен бенефициар арасында қате аударылған ақша сомасын акцептсіз алу туралы талап жазылған шарт болған жағдайда бенефициардың банкі осы соманы бенефициардан шарттың талаптарына сәйкес даусыз тәртіппен алуға құқылы. Бенефициардың банкі "төлем мақсатында" бенефициардың банкі ақшаны қайтару себебін көрсете отырып төлем тапсырмасын жасау арқылы ақша сомасын қайтарады;";

101-тармақтың екінші азатжолындағы "төлемдік талап-тапсырма көрсеткен банкке" деген сөздер "ақша жіберушінің банкіне" деген сөздермен ауыстырылсын ;

105-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"105. Ақша жіберушінің банкі төлемдік талап-тапсырманы алған кезде осы төлемдік талап-тапсырманың әр данасында алған күні туралы белгі қояды. Ақша жіберушінің банкі төлемдік талап-тапсырмаларды тіркеу журналында келіп түсken төлемдік талап-тапсырмалардың есебін жүргізеді. Журналдың нысанын, оны жүргізу әдісін және журналда көрсетілетін төлемдік талап-тапсырманың деректемелерін банк өз бетінше белгілейді.

Төлемдік талап-тапсырмаларды осы Ереженің 33-тармағына сәйкес тізілім бойынша ұсынған жағдайда, алған күні туралы белгіні осы тізілімде қоюға

б о л а д ы . " ;

106-тармақ мынадай мазмұндағы екінші азатжолмен толықтырылсын:

"Төлемдік талап-тапсырманы беру тәсілін ақша жіберуші мен ақша жіберушінің банкі арасындағы шартпен белгілеуге болады.";

107-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"107. Ақша жіберушінің банкі төлемдік талап-тапсырманы алған күннен бастап отыз күнтізбелік күн өткеннен кейін ақша жіберушіден төлемдік талап-тапсырма акцептінен не акцептелген төлемдік талап-тапсырмадан бас тартуды алмаған жағдайда ақша жіберушінің банкі төлемдік талап-тапсырманы қайтару себебі көрсетілген хабарламамен бірге төлемдік талап-тапсырманы жіберушіге қайтаруға құқылы.";

120-тармақ мынадай мазмұндағы екінші азатжолмен толықтырылсын:

"Банк салық органының салық төлеушінің бір банктік есепшотынан салық берешегін өндіріп алу туралы инкассалық өкімін орындаған кезде, салық органының аталған банкте ашылған салық төлеушінің басқа банктік есепшотына берген инкассалық өкімін, егер мұндай инкассалық өкімдерді салық органы сол сомаға, берешектің сол түрі бойынша, сол есепті кезең үшін берген болса банк салық органының инкассалық өкімін орындау фактісін растайтын төлем құжатын қосып бере отырып салық органына орынданмай қайтарады.";

124-тармақтың бірінші және екінші азатжолдарындағы "орындаиды" деген сөздің алдынан "Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген нұсқауларды орындаудың кезектілік тәртібімен" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

3. Төлем жүйесі басқармасы (Мұсаев Р.Н.):

1) Заң департаментімен (Шеріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан

Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.Т. Жангелдинге жүктелсін.

Ұлттық Банкі

Төрағасы

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК